

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 227 шешімі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Мынадай:

а) осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және олардың Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастырылуын қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстар құзыретіне кіретін департаменті жүзеге асырады;

б) "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесіне қосылу рәсімін орындау мерзімі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 9 айдан аспайды деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Сарқиян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 227 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл
ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленген:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 19 наурыздағы № 38 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесін бекіту туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы № 158 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің бірыңғай қағидалары мен нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы № 159 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің анықтамалығы туралы" 2017 жылғы 8 маусымдағы № 62 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ортақ процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесі (бұдан әрі – ортақ процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Ортақ процеске қатысушылар осы Қағидаларды ортақ процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ ортақ процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"Одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы деректер базасы" (бұдан әрі – карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасы) – Одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы және қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтерді қамтитын ортақ ақпараттық ресурс, оны Одаққа мүше мемлекеттердің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдарынан (бұдан әрі тиісінше – уәкілетті орган, мүше мемлекет) алынатын ақпарат негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қалыптастырады және жүргізеді;

"мүдделі тұлға" – сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе қадағалаушы орган немесе шаруашылық жүргізуші субъект (карантинге жататын өнімді өндіруші) ретінде фитосанитария саласындағы қызметті жүзеге асыратын, Одақтың ақпараттық порталында ортақ ақпараттық ресурстан аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы ақпарат сұрататын тұлға;

"мүше мемлекеттер аумақтарының карантиндік фитосанитариялық жай-күйі" (бұдан әрі – аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі) – аумақта карантиндік объектілер ошақтарының бар немесе жоқ болуы;

"Одаққа мүше мемлекеттер аумақтарының карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсы" (бұдан әрі – аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсы) – мүше мемлекеттер аумақтарының карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтерді қамтитын ортақ ақпараттық ресурс, оны қалыптастыру мен жүргізуді Комиссия жүзеге асырады.

Осы Қағидалардағы өзге ұғымдар Шартта, Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімінде, 1951 жылғы 06 желтоқсандағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияда, фитосанитариялық шаралар жөніндегі халықаралық стандарттарды және Одақ құқығына кіретін өзге де актілерде айқындалған мағыналарда пайдаланылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "ортақ процесс рәсімдерінің тобы", "ортақ процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "ортақ процесс операциясы", "ортақ процесс рәсімі" және "ортақ процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Ортақ процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Ортақ процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Ортақ процестің кодтық белгіленімі: P.SS.10, нұсқа 1.0.0.

1. Ортақ процестің мақсаты мен міндеттері

7. Ортақ процестің мақсаты Одақтың кедендік аумағының карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және карантиндік объектілер анықталған ең бастапқы сатыларда барынша тиімді карантиндік фитосанитариялық шараларды іске асыру есебінен карантиндік объектілермен залалданған немесе ластанған карантинге жататын өнімнің әкеліну, транзиті және айналысы қауіпін азайту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

8. Ортақ процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

а) Комиссияда карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы толық әрі өзекті деректер базасын құруды, қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

б) уәкілетті органдардың карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан сұрату бойынша мәліметтер алуын қамтамасыз ету;

в) карантиндік фитосанитариялық шараларды уақтылы іске асыру мақсатында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайы және қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы уәкілетті органдарға өзара жедел ақпарат беруді (хабардар етуді) қамтамасыз ету (бұдан әрі – карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы хабардар ету);

г) Одақтың ақпараттық порталында жыл сайын мәліметтер жариялап тұру мақсатында Комиссияда аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің толық әрі өзекті ортақ ақпараттық ресурсын құруды, қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

д) қазіргі уақытта уәкілетті органдар қолданатын және карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу, аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу кезінде пайдалану үшін қажетті тізбелерді, сыныптауыштар мен анықтамалықтарды әзірлеу, үндестіру және жандандыру, сондай-ақ олардың электронды нысандарын әзірлеу;

е) берілген параметрлер бойынша мәліметтер іздеу, сондай-ақ аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсы мәліметтерінің жаңартылуына жазылуды ресімдеу мүмкіндігімен Одақтың ақпараттық порталында барлық мүдделі тұлғалар үшін аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету.

2. Ортақ процеске қатысушылар

9. Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыруды, жүргізуді және одан мәліметтер беруді, аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын құруды, қалыптастыруды және жүргізуді, сондай-ақ Одақтың ақпараттық порталында аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтерді жариялауды қамтамасыз ететін Одақ органы
		мыналарды жүзеге асыратын уәкілетті орган: карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру үшін Комиссияға мәліметтер беру;

P.SS.10.ACT.001	уәкілетті орган	аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру үшін Комиссияға мәліметтер беру; карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан сұрату бойынша мәліметтер алу; басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы хабардар ету
P.SS.10.ACT.002	хабардар етілетін уәкілетті орган	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы хабарлама алатын уәкілетті орган
P.SS.10.ACT.003	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталы арқылы аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсынан мәліметтер сұрататын және алатын заңды немесе жеке тұлға

3. Ортақ процестің құрылымы

10. Ортақ процесс өз мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

а) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері (P.SS.10.PGR.001);

б) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдері (P.SS.10.PGR.002);

в) уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдері (P.SS.10.PGR.003);

г) аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері (P.SS.10.PGR.004).

11. Ортақ процесс рәсімдерін орындаған кезде уәкілетті органдар карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру үшін Комиссияға Одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары (бұдан әрі – карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары (жағдайы) туралы мәліметтер) және қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер, сондай-ақ аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы хабардар етуді жүзеге асырады.

Комиссия алынған ақпаратты карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында, аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсында өзектілендіреді және аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялайды. Уәкілетті органдардың сұратуы бойынша Комиссия карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер береді.

Мүдделі тұлғалар аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы алады. Мәліметтерді іздеу мына параметрлер бойынша жүзеге асырылады:

- а) мәліметтерді берген мүше мемлекет бойынша;
- б) карантиндік объектінің түрі бойынша.

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастырған кезде ортақ процестің мынадай рәсімдері орындалады, олар карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына қосылған:

а) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу;

б) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасындағы мәліметтерді өзгерту.

Уәкілетті органдардың сұратуы бойынша мәліметтер берген кезде ортақ процестің мынадай рәсімдері орындалады, олар карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына қосылған:

а) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу;

б) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу;

в) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтердің өзгерістерін алу.


Уәкілетті органдарды хабардар еткен кезде ортақ процестің мынадай рәсімдері орындалады, олар уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерінің тобына қосылған:

карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы хабардар ету.

Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастырған кезде ортақ процестің мынадай рәсімдері орындалады, олар аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына қосылған:

Комиссияға аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтер беру.

12. Ортақ процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Ортақ процестің құрылымы

13. Ортақ процесс операцияларының мұқият сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған ортақ процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Бөлімде рәсімдердің әрбір тобы үшін ортақ процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы (P.SS.10.PGR.001)

15. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу кезінде уәкілетті орган карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға береді. Көрсетілген мәліметтерді беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 227 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу

жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 227 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы мәліметтерді берген кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімі орындалады.

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы өзгертілген мәліметтерді берген кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімі орындалады.

16. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының (P.SS.10.PGR.001) келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы (P.SS.10.PGR.001)

17. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына (P.SS.10.PGR.001) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына (P.SS.10.PGR.001) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.10.PRC.001	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға беруді жүзеге асырады
P.SS.10.PRC.002	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға беруді жүзеге асырады

5. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдерінің тобы (P.SS.10.PGR.002)

18. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдері Комиссия уәкілетті органдардан тиісті сұрату алған кезде орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді беру Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдерін орындау шеңберінде уәкілетті органдардан түсетін сұратудың мынадай түрлері өңделеді:

а) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату;

б) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер сұрату;


в) карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтердің өзгерістерін сұрату.

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұратуды уәкілетті орган карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақтаулы мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында қамтылған, Комиссияда сақтаулы мәліметтермен синхрондау қажеттігін бағалау мақсатында орындайды. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұратуды жүзеге асырған кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SS.10.PRC.003) рәсімі орындалады.

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер сұрату уәкілетті органның карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосылған карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы барлық мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында қамтылған мәліметтер не толық көлемде, не белгілі бір күнгі және уақыттағы жай-күйі бойынша сұратылады. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер сұрату жүзеге асырылған кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу" (P.SS.10.PRC.004) рәсімі орындалады.

Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтердің өзгерістерін сұратқан кезде карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына енгізілген немесе сұратуда көрсетілген кезден бастап осы сұрату орындалған кезге дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер беріледі. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтердің өзгерістерін сұрату жүзеге асырылған кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтердің өзгерістерін алу" (P.SS.10.PRC.005) рәсімі орындалады.

19. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдері тобының (P.SS.10.PGR.002) келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдері тобының (P.SS.10.PGR.002) жалпы схемасы

20. Қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына (P.SS.10.PGR.002) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына (P.SS.10.PGR.002) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.10.PRC.003	қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақтаулы мәліметтерді қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында қамтылған, Комиссияда сақтаулы мәліметтермен синхрондау қажеттігін бағалауды орындайды
P.SS.10.PRC.004	қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтер алу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган қарантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында қамтылған мәліметтерді сұрату бойынша алуды жүзеге асырады
		рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган қарантиндік


P.SS.10.PRC.005	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасынан мәліметтердің өзгерістерін алу	объектілердің анықталу жағдайлары туралы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақтаулы мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында қамтылған, Комиссияда сақтаулы мәліметтермен синхрондауды орындайды
-----------------	--	--

6. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерінің тобы (P.SS.10.PGR.003)

21. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімі Одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу және карантиндік фитосанитариялық шараларды уақтылы іске асыру үшін қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы уәкілетті органдарды өзара хабардар етудің жеделдігін арттыру мақсатында орындалады.

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы хабардар ету" (P.SS.10.PRC.006) рәсімін уәкілетті орган мүше мемлекеттің аумағында карантиндік объектілер анықталған және таралған жағдайда орындайды. Көрсетілген мәліметтерді беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 227 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік объектілердің анықталу және таралу жағдайлары туралы, сондай-ақ қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

22. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдері тобының (P.SS.10.PGR.003) келтірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдері тобының (P.SS.10.PGR.003) жалпы схемасы

23. Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерінің тобына кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.10.PGR.003) 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Уәкілетті органдарды хабардар ету рәсімдерінің тобына кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.10.PGR.003)

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.10.PRC.006	карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы хабардар ету	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы және қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы хабардар етуді жүзеге асырады

7. Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы (P.SS.10.PGR.004)


24. Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтерді жыл сайын Одақтың ақпараттық порталында жариялау мақсатында орындалады.

Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындаған кезде уәкілетті орган аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға береді. Көрсетілген мәліметтерді беру Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

Комиссияға аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтер беру "Комиссияға аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтер беру" (P.SS.10.PRC.007) рәсімі орындалған кезде жүзеге асырылады

25. Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының (P.SS.10.PGR.004) келтірілген сипаттамасы 5-суретте берілген.



5-сурет. Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің (P.SS.10.PGR.004) жалпы схемасы

26. Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына (P.SS.10.PGR.004) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына (P.SS.10.PGR.004) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.10.PRC.007	комиссияға аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтер беру	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға береді

V. Ортақ процестің ақпараттық объектілері

27. Олар туралы мәліметтер немесе олардан алынатын мәліметтер ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіне берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 6-кестеде келтірілген.

Ақпараттық объектілер тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.10.BEN.001	карантиндік объектілердің анықталуы туралы мәліметтер	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу үшін Комиссияға және карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы хабардар еткен кезде уәкілетті органдарға берілетін карантиндік объектілердің анықталуы және қабылданған карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы мәліметтер
P.SS.10.BEN.002	аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтер	аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтердің ортақ ақпараттық ресурсын қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға берілетін аумақтардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі туралы мәліметтер

VI. Ортақ процеске қатысушылардың жауаптылығы

28. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту Шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

29. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Тип	Сипаттамасы


1	2	3	4
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдердің атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.023	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіргіштер мен сәйкестендіру әдістері атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.10.CLS.001	карантиндік объектілер анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 08 маусымдағы № 62 шешімімен бекітілген. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 158 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Ортақ процесс рәсімдері

1. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері (P.SS.10.PGR.001)

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімі

30. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімін орындау схемасы б-суретте келтірілген.



6-сурет. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

31. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің аумағында карантиндік объектілер анықталған және карантиндік фитосанитариялық шаралар қабылданған жағдайда орындалады.

32. Алдымен "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер беру" (P.SS.10.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға береді.

33. Комиссияға карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер түскен кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.10.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтер карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосылады. Мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу нәтижесі туралы хабарлама мәліметтерді берген уәкілетті органға жіберіледі.

34. Уәкілетті органға мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу нәтижесі туралы хабарлама түскен кезде "Мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу

нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.10.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

35. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы мәліметтерді қосу "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

36. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосу" (P.SS.10.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.10.OPR.001	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер беру	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SS.10.OPR.002	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.SS.10.OPR.003	мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген

9-кесте

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер беру" (P.SS.10.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.10.OPR.001
2	Операцияның атауы	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер беру
3	Орындаушы	уәкілетті орган
		мүше мемлекеттің аумағында карантиндік объектілер анықталған және карантиндік

4	Орындау шарттары	фитосанитариялық шаралар қабылданған жағдайда орындалады
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы Комиссияға беруге арналған мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады
7	Нәтижелер	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер Комиссияға жіберілді

10-кесте

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.10.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.10.OPR.002
2	Операцияның атауы	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер беру" (P.SS.10.OPR.001) операциясы)

5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабар мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжат (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтер қосуды жүзеге асырады, Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтерді қосу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелер	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер өңделді, карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтерді қосу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

11-кесте


"Мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.10.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.10.OPR.003
2	Операцияның атауы	мәліметтерді карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган

4	Орындау шарттары	орындаушы карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтерді қосу нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.10. OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтерді қосу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды жүзеге асырады
7	Нәтижелер	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына мәліметтерді қосу нәтижесі туралы хабарлама өңделді

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімі

37. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 7-суретте келтірілген.



7-сурет. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

38. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімі карантиндік объектінің жай-күйі өзгерген және/немесе карантиндік фитосанитариялық шаралар қабылданған кезде орындалады.

39. Алдымен "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында өзгерту үшін мәліметтер беру" (P.SS.10.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға береді.

40. Комиссияға карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына өзгерістер енгізу үшін мәліметтер түскен кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында өзгерту үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.10.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында тиісті мәліметтер жаңартылады. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға беріледі.

41. Уәкілетті органға карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама түскен кезде "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында

мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.10.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

42. Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына өзгерістер енгізу "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

43. "Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту" (P.SS.10.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.10.OPR.004	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында өзгерту үшін мәліметтер беру	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.SS.10.OPR.005	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында өзгерту үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SS.10.OPR.006	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

13-кесте

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында өзгерту үшін мәліметтер беру" (P.SS.10.OPR.004) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SS.10.OPR.004
2	Операцияның атауы	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында өзгерту үшін мәліметтер беру
3	Орындаушы	уәкілетті орган

4	Орындау шарттары	карантиндік объектінің жай-күйі өзгерген және/немесе карантиндік фитосанитариялық шаралар қабылданған кезде орындалады
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін карантиндік объектілердің анықталу жағдайы туралы Комиссияға беруге арналған мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады
7	Нәтижелер	карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасына қосу үшін мәліметтер Комиссияға жіберілді

14-кесте

"Карантиндік объектілердің анықталу жағдайлары туралы деректер базасында өзгерту үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.10.OPR.005) операциясының сипаттамасы

